

## Келтемашат ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Келтемашат ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 14 наурыздағы № 8 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 наурызда № 4939 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және 2018 жылғы 6 сәуірдегі Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Келтемашат ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

**Ескерту. Кіріспеге орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Келтемашат ауылдық округ әкімінің 25.11.2019 № 49 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Келтемашат ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Келтемашат ауылдық округіне қарасты, Кершетас ауылындағы атауы жоқ көшеге Нұршуақ атауы;
- 2) Келтемашат ауылдық округіне қарасты, Жиынбай ауылындағы атауы жоқ көшеге Шапағат атауы.

**Ескерту. 1-тармақ орыс тілінде жаңа редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Келтемашат ауылдық округ әкімінің 25.11.2019 № 49 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Түлкібас ауданы әкімдігінің Келтемашат ауылдық округ әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді- Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Келтемашат ауылдық округ әкімінің 25.11.2019 № 49 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Келтемашат ауылдық округ әкімі*

*С. Камбарбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК